

**“Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлерін белгілеу туралы” Жалағаш ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 5 қарашадағы №403 қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қызылорда облысы Жалағаш ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 14 қазандағы № 162 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 14 қазанда № 6933 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Жалағаш ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 9 сәуірдегі № 74 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Жалағаш ауданы әкімдігінің 09.04.2021 № 74 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

“Құқықтық актілер туралы” Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңы 50-бабының 2-тармағына сәйкес Жалағаш ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. “Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлерін белгілеу туралы” Жалағаш ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 5 қарашадағы № 403 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде №4819 болып тіркелген, 2014 жылғы 20 желтоқсанда “Жалағаш жаршысы” газетінде және 2014 жылғы 23 желтоқсанда “Әділет” ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасымен белгіленген мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді (коммуналдық тұрғын үй қорынан) пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлерінде:

реттік нөмірлері 11, 23, 24, 26, 28, 29, 33-қатарлар алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 34-қатармен толықтырылсын:

“

34	Жалағаш кенті, Төле би көшесі, № 25 үй	63 теңге 36 тиын
----	--	------------------

”

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*К. Сарсенбаев*

